ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 24 тамыз №3514-23-00-2/3906 іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.М.Машрап құрамында,
оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қарқаралы қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Бақытжамал Маусымбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қарқаралы қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Бақытжамал Маусымбаеваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Бақытжамал Маусымбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Бақытжамал Маусымбаевадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай

мерзімде апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **А.Машрап**

Көшірме дұрыс

Судья **А.Машрап**

Анықтама: Шешім 02.10.2023 жылы заңды күшіне енді.

Судья **А.Машрап**

Құжатқа қол қойылған: Машрап А.М., 24.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 02.10.2023, судья Машрап А.М., 10.10.2023

514-23-3-1/4118